Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
Аптаның дәйексөзі: «Адамды ұлт моделі деп айтуға болады. Біздің әрқайсымызға қарап бүкіл халыққа баға береді, бұл жалпылама қабылдау феномені. Өз ісіңнің шебері болсаң, халқың да құрметті болады. Міне, барлығына түсінікті патриотизм формуласы осы.» Олжас Сүлейменов				
1	«Ананың аялы алақаны» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен) ертеңгіліктер	Челлендж, мерекелік іс-шаралар, бейнелі құттықтаулар	Тәрбиешілер, педагогтер, ата-аналар	1-апта
Аптаның дәйексөзі: «Өз ана тілінде сөйлеп, өзінің төл әдебиетін сақтаған халықтың ғана еркін өмір сүруге құқы болатынын әрдайым естен шығармау керек ...» Ахмет Байтұрсынов				
1	«Сахнада кішкентай актерлер» жобасы. Мақсаты: балалардың шығармашылық дамуына ықпал	Қуыршақ және драмалық спектакльдерді көруді ұйымдастыру;	Тәрбиешілер, педагогтер, ата-аналар	2-апта

	ету, балалар мен ересектерді театр өнеріне, театр қызметіне тарту; - МДҰ-да және отбасында театр қызметінің әркелкі түрлері туралы балалардың білімін толықтыруға ықпал ету, балаларды театр іс-шараларына қатысуға шабыттандыру.	- ата-аналармен бірге театрларға бару; - театрға экскурсия (театр әкімшілігімен алдын ала келісіп алыңыз, сонда балалар театр сахнасының арғы жағын (кулиса), гримдеу бөлмесін және т.б. көре алады. - театр актерлері және режиссерлерімен кездесу; - театр туралы, театр қызметкерлерінің мамандықтары туралы, ертегілер, көркем шығармалар оқу, театр туралы иллюстрацияларды қарау; - саусақ, қуыршақ, көлеңкелі театрлармен этюдтер; - театр афишасын құрастыру.		
--	---	---	--	--

Аптаның дәйексөзі: «Әркім өз деңгейінде, өз орнында айналасын жақсартуға тырысуы керек, өз еліне, қоғамына пайда әкелуді өзінен бастауы шарт. Бұл менің түсінігімдегі отансүйгіштік.»

Ақан Сатаев

1	Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар	Мерекелік іс-шаралар: - «Наурыз – гүлденудің бастауы!» - Бауырсақ-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні!» «Ұлттық мәдениет» көрмесі.	Педагогтер, әдіскерлер, тәрбиешілер, ата-аналар	3-апта
---	---------------------------------------	--	---	--------

Аптаның дәйексөзі: «Патриотизм — туған жерінді сүюді ғана емес, оны көркейтуге шынайы ниеттенуді білдіреді.»

Дмитрий Лихачёв

1	«Жер сағаты» экологиялық акциясы. Мақсаты: балалар мен ата-аналардың экологиялық мәдениетін табиғатқа ұқыпты қарауын қалыптастыру, бірлескен практикалық қызмет арқылы қоршаған ортаны сақтау үшін жауапкершілікке тәрбиелеу.	«Жер сағаты деген не?» атты презентацияны немесе мультфильмді көру. «Дұрыс сұрыптаймыз» – қалдықтарды контейнерлерге салу. «Суды үнемде» – суды үнемдеу тәсілдерін табу. «Таза ауа» – суды не ластайтынын және не тазартатынын айту. «Энергия үнемдеу» – энергияны үнемдеуге көмектесетін әрекеттерді таңдау.	Педагогтер, әдіскерлер, тәрбиешілер, ата-аналар	4-апта
---	---	--	---	--------

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Аптаның дәйексөзі: «Асықпай жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға.» Абай Құнанбайұлы				
1	Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла».	Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы	Әдіскер, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері, ата-аналар	1-апта

Аптаның дәйексөзі: «Еңбек шыққан жерден төзім де шығады.» Мұхтар Әуезов

1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» экоквелленджі. Мақсаты: балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа ұқыпты қарау және бірге ағаш отырғызу арқылы	Танымдық, эксперименттік іс-әрекет, экоквеллендж, экологиялық акция. Акцияға қатысушыларды ортақ фотосуретке түсіру.	Әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
---	---	--	--	--------

	балабақшаның жақсы дәстүрін сақтау.			
Аптаның дәйексөзі: «Кәсібилік — өзіңіздің ниетіңіз жоқ кезде де, жұмысты ең жақсы түрде істеу білігі.» Алистер Кук				
1	«Кітап калейдоскопы» танымдық-зерттеу жобасы аясында жазушылармен кездесу.	Әдеби кездесулер: «Кітаппен келген қонақ» жергілікті ақындар және жазушылардың шығармашылығымен заманауи форматта танысу.	Әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
Аптаның дәйексөзі: «Бақыт көп еңбектенген адамға келеді.» Леонардо да Винчи				
1	«Әжемнің ертегілері» шығармашылық жобасы.	Жобалық қызмет, танымдық кештер, дәстүрлі іс-шаралар	Әдіскер, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері	4-апта
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы				
Аптаның дәйексөзі: «Жоқ, бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес.» Абай Құнанбайұлы				
1	Балалар суретінің көрмесі: «Әлем балалардың көзімен». «Дәмді болса достық қымбат, Мәнді болса жастық қымбат»	Суреттер көрмесі, асфальттағы суреттер байқауы	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	1-апта
Аптаның дәйексөзі: «Күш — бірлікте, табыс — келісімде». Мақал				
1	«Білімім Отаным үшін!», «Дос болайық», «Достық әлемі», «Адал дос.»	Мерекелік іс-шара, эстафеталық ойындар, алғыс хат жазу	Тәрбиешілер, ата-аналар	2-апта

Аптаның дәйексөзі: «Ел бірлігі — біздің басты байлығымыз бен мызғымас тірегіміз.»
Қасым-Жомарт Тоқаев

1	Отбасы Күніне орайластырылған «Отбасылық дәстүрлер» аптасы. Мақсаты: отбасылық құндылықтарды нығайту, отбасылық дәстүрлерді сақтау және насихаттау, балаларды тәрбиелеу мәселелерінде отбасы мен балабақша ынтымақтастығын дамыту.	«Біздің отбасымыздың дәстүрлері» отбасылық қонақ бөлмесі. (ата-аналар отбасылық әдет-ғұрыптар, мерекелер, әуестенулері туралы айтады). Отбасылық жәдігерлердің, ұлттық тұрмыстық заттардың тұсаукесері. «Отбасылық дәстүрлер кітабы» көрмесі. «Отбасылық дәстүрлер» фото-көрмесін ұйымдастыру, «Отбасымен бір күн» челленджі (отбасылар бірге өткізген бос уақыттың фотосуреттерін көрсетеді), «Менің отбасым – менің бақытым» суреттер көрмесі, отбасылық тәрбие мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру, отбасы туралы көркем әдебиетті отбасымен бірге оқу.	Тәрбиешілер, ата-аналар	3-апта
Аптаның дәйексөзі: «Бірлік бар жерде әрқашанда жеңіс бар.»				Публилий Сир

1	Жобалау іс-әрекеті: «Жол қозғалысы ережелері.»	Жобалау іс-әрекеті, танымдық кештер, табиғатта серуендеу, дәстүрлі іс-әрекеттер	МДҰ тәрбиешілер і	4-апта
---	---	--	-------------------------	--------

Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы

Аптаның дәйексөзі: «Өзіңнің қателесуіңе жол беру — шығармашылыққа жатады. Сол қателігіңнің қайсын қалдыру керектігін білу — өнер.»

Скотт Адамс

1	Балаларды қорғау күніне арналған «Балаларды қорғау күні» акциясы. Мақсаты: балалардың жағымды эмоционалды көңіл күйін, жақсылықтың құндылықтарын, достық пен жақын адамына қамқорлық жасау; балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігі үшін ересектердің жауапкершілігін тәрбиелеу.	МДҰ алаңындағы ертеңгілік/ музыкалық-спорттық ойын-сауық. Ойын және шығармашылық алаңдарды ұйымдастыру: -«Бақытты балалық шақтың қаласы» – спорттық эстафеталар мен қозғалмалы ойындар; -«Шекарасы жоқ әлемді суретке саламыз» – асфальттағы суреттер байқауы; - «Жақсылық шеберханасы» – балалық шақтың нышандарын суретке салу (күндер, алақандар, гүлдер); -ата-аналардың қатысуымен «Көңілді старттар». «Бақыт алақаны» отбасылық акциясы. Әр отбасы қағаздан жасалған алақанға тілектерін	Топ тәрбиешілер і, музыкалық жетекші, дене шынықтыру нұсқаушысы, медицина қызметкері (денсаулық жағдайы мен су ішу режимін бақылау)	1-апта
---	--	---	--	--------

		жазып, оны «Бақытты балалық шақтың ағашы» стендіне орналастырады. «Күлкі сыйла» акциясы. Балалар педагогтермен бірге өтіп бара жатқан адамдарға, ата-аналар мен қонақтарға өз қолдарымен жасалған ашық хаттар, шарлар немесе ізгі тілектері бар символдық жүректер сыйлайды. Ата-аналарға арналған ақпараттық алаң: - «Баланың құқықтары» жаднамасы; -қауіпсіз жазғы демалысты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар; - балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша мамандардың кеңестері.		
Аптаның дәйексөзі: «Жасампаздық — өмірге ризалығыңды білдірудің жалғыс тәсілі.» Михаил Пришвин				
2.	«Домбыра күнін» мерекелеуге арналған «Домбыра – ұлттық мұра» атты флешмоб.	Балалар қазақ халқының музыкасына ұлттық би қимылдарының композициясын орындайды. «Ұлы даланың дыбыстары» музыкалық қонақ	Топ тәрбиешілері, музыкалық жетекші	2-апта

		бөлмесі: - белгілі күйлерді тыңдау; - музыканың көңіл күйін анықтау; - белгілі қазақ композиторлары мен күйшілерінің шығармаларымен танысу. «Домбыра – мұра ұрпаққа» отбасылық көрмесі (фотографиялар, кәдесыйлар, музыкалық аспаптар); - домбырада ойнайтын ата-аналардың шеберлік сағаты (бар болса); - «Домбыраны үнінен таны» ойын бағдарламасы; - «Домбыраны құрастыр» (пазл); - «Бірғақты жалғастыр» ойыны.		
Аптаның дәйексөзі: «Өзінің әсем арманына сенетін және жаңа дүние жасай алатындарда болашақ бар.» Элеонора Рузвельт				
3	«Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру. Мақсаты: балабақшада дамып келе жатқан кітап ортасын құру арқылы балалардың оқуға тұрақты қызығушылығын қалыптастыру, оқу мәдениетін, сөйлеуін, қиялын және танымдық белсенділігін дамыту. -	МДҰ «Open Air library» аумақта ашық аспан астындағы заманауи кітап бұрышын ұйымдастыру, «Мобильді кітапханалардың» жұмысын жетілдіру; - «Бір күнде бір ертегі» дәстүрлі іс-шаралары: балалардың кітапқа	Тәрбиеленушілер, педагогтер, ата-аналар, қоғам өкілдері.	3-апта

		және оқуға қызығушылығын қалыптастыру құралы ретінде 10-15 минут бойы ертегілерді күнделікті оқу; -«Бірге оқимыз»: ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалды байланысты нығайтатын отбасылық кітап оқу; -«Балабақшаға кітап сыйлау» акциясын ұйымдастыру; -«Бірге оқимыз!» отбасымен кітап оқу аптасы; -шығармашылық шеберхана; -шағын кітаптарды жасау; -оқылған шығармаларға иллюстрациялар салу; - кітаптарға бетбелгі жасау; - топтың ұжымдық кітабын безендіру. «Жанданған ертегілер» театр қонақ бөлмесі: -сүйікті шығармаларды сахналау; - қуыршақ театры; -балалардың қатысуымен ертегілерді драматизациялау. Кітапханамен кездесу:		
--	--	--	--	--

		-балалар кітапханасына экскурсия (немесе кітапханашыны балабақшаға шақыру); -кітапханашы мамандығымен танысу; -«Кітап оқитын отбасы» отбасылық акциясы; - «Баланың үй кітапханасы» шеберлік сағаты; -балалар кітаптарын алмасу «BookCrossing».		
--	--	--	--	--

Аптаның дәйексөзі: «Белгісіздікке қадам басудан қорықпаған сәтте ғана нағыз жаңашылдыққа жол ашылады.» Питер Друкер

4	«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сағаттарын ұйымдастыру. Мақсаты: бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін арттыру, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, отбасылық дәстүрлер мен әкелік жауапкершілік сезімін дамыту.	«Әкемнің шеберханасы» шеберлік сағаты: -табиғи және қалдық материалдардан қолөнер жасау; - бірге құрастыру; - отбасылық жұмыстар көрмесі. «Әкеммен бірге спортпен айналысамыз» спорттық шеберлік сағаты: -отбасылық эстафеталар; -командалық ойындар. «Бірге жасаймыз» шығармашылық шеберханасы: -кәдесыйлар жасау; -сурет салу және	Тәрбиеленушілер, әкелер (немесе аталар, жасы үлкен ағалары), педагогтер, педагог-психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыкалық жетекші.	4-апта
---	---	---	---	--------

		жапсырма (аппликация); -«Менің әкем – менің батырым» атты отбасылық коллаж жасау. «Әке мектебі» практикумы: -баламен тиімді қарым-қатынас жасау бойынша педагог-психологтің кеңестері; - тәрбиелеудің ойын әдістері; - отбасылық дәстүрлер мен әкелердің оңды тәжірибесін талқылау. «Бір күн әкеммен» отбасылық челленджі. Әкелері баласымен бірге пайдалы іспен айналысады (кітап оқу, серуендеу, тамақ дайындау, жөндеу, өсімдік отырғызу, спорттық ойын) және фотосуреттерін көрсетіп немесе оқиғаларын қысқаша айтып береді.		
--	--	---	--	--

Шілде – заң және тәртіп айы

Аптаның дәйексөзі: «Тәртіпті елдің ынтымағы артып, құт-берекесі көбейе береді.»

Қазақ халқының нақыл сөзі

«Ереже достасуға көмектеседі» тақырыптық апталығы. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда мінез-құлық нормалары, құқықтары мен	«Ережелер не үшін керек?» әңгімелесуді ұйымдастыру, «Рұқсат – болмайды» дидактикалық ойындары, адалдық	Тәрбиешілер, музыкалық жетекші	1-апта
--	---	---------------------------------------	---------------

міндеттері туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру, қолжетімді, ойын және көрнекі жұмыс түрлері арқылы жауапты және заңға бағынатын тұлғаны тәрбиелеу.	пен әділеттілік туралы ертегілерді оқу және талқылау, балалардың «Біздің топтың ережелерін» құру, «Біз ережелерді сақтаймыз» плакатын жасау.		
---	--	--	--

Аптаның дәйексөзі: «Бірлік, өзара құрмет және тәртіп — қоғам өмірінің басты заңы.»
Әлихан Бөкейханов

«Қауіпсіздік менен басталады» интербелсенді фестивалі. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда ойын және практикалық іс-шаралар арқылы қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.	«Велоқалашық» Балалар велосипед және скутермен қауіпсіз жүру дағдыларын көрсетеді. Жол таңбалары, бағдаршам және белгілері бар шағын трасса. Ойындар: «Қозғалыс ережелерін сақта», «Бұзушылықсыз жүр», «Жас велосипедші» эстафетасы. Ата-аналар балалармен бірге қатысады. «Өртке қарсы зертханасы» Өрт қауіпсіздігі бойынша интербелсенді тәжірибелер мен ойын тапсырмалары. Балалар қонақтарды өрттің пайда болу себептерімен таныстырады, тұрмыстық техникамен қауіпсіз жұмыс істеуді көрсетеді, «мазасыз	Топ тәрбиешілері, ата-аналар	2-апта
---	--	------------------------------	--------

		чемодан» жинайды, «Ойыншықты құтқар» эстафетасын, «Рұқсат - болмайды» ойынын өткізеді. «Жаяу жүргінші мектебі» Жол қозғалысы ережелерін практикада үйрету. Балалар викториналар өткізеді, жол белгілерін жинайды, қиылыстағы жағдайларды ойнайды, импровизацияланған көше бойымен жүреді, бағдаршам сигналдарының маңыздылығын түсіндіреді.		
--	--	---	--	--

Аптаның дәйексөзі: «Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.»

Абай Құнанбайұлы

	«Сәлемдесу – сыйластық белгісі» әлеуметтік акциясы.	Ұлттық сәлемдесу дәстүрлері мен сөйлеу этикетінің нормаларын қолдана отырып, күнделікті «Сәлемдесу минуты» өткізу. Балалар сәлемдесуді, алғыс айтуды, ересектер мен құрдастарына құрметпен қарауды, қамқорлық пен мейірімділік танытуды үйренеді. Нәтижесінде «Жақсы істер ағашын» құрады.	Топ тәрбиешілері	3-апта
--	---	--	-------------------------	---------------

Аптаның дәйексөзі: «Бәлки ғадаләт барша езгуліктің анасы дүр. Ынсап, ұят бұл ғадаләттән шығады.» Абай Құнанбайұлы (Отыз сегізінші сөзден)				
	«Мен адалдықты тандаймын» шағын-жобасы.	Жоба аясында әңгімелесу, мультфильмдер көру және талқылау, көркем шығармаларды оқу, адамгершілік таңдау жасау жағдаяттарын шешу («Егер ... не істеу керек?»), «Менің жақсы істерім» шығармашылық шеберханасы. Жоба суреттер көрмесімен және «Тәртіп пен әділеттіліктің досы» символикалық дипломдарын табыстаумен аяқталады.	Топ тәрбиешілері	4-апта
Тамыз – заң және тәртіп айы				
Аптаның дәйексөзі: «Ұлтыңа, жұртыңа қызмет ету — білімнен емес, мінезден, әділдік пен заңға адалдықтан туындайды.» Әлихан Бөкейханов				
	«Жылыжай және бау-бақша учаскесі» жобасы. Мақсаты: көкөніс, көк өсімдіктер, жидектер, гүлдер өсіру және өсімдіктерді күту бойынша практикалық іс-шаралар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін, еңбекқорлығын және табиғатқа ұқыпты қарауын қалыптастыру.	Балалардың зерттеу қызметі: -бақылау күнделігін жүргізу; - өсімдіктердің бойы өсуін өлшеу; - әртүрлі жағдайда өскен өсімдіктерді салыстыру; - өсімдіктердің құрылымын зерттеу; -тозаңдандыратын жәндіктерді бақылау; -өсімдік паспорттарын	Топ тәрбиешілері	1 апта

		жасау.		
Аптаның дәйексөзі: «Елдің кемелденіп, қалыпты дамуына ең әуелі керегі — еркіндік пен заң үстемдігі.» Шоқан Уәлиханов				
	«Қауіпсіз әдеттер апталығы» челленджі. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда ойын тапсырмалары, практикалық жағдаяттар және отбасының қатысуымен қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.	Дүйсенбі – үйдегі қауіпсіздік. «Қауіпті – қауіпсіз» әңгімелесу, «Қауіпті затты тап» дидактикалық ойыны, «Үйде жалғыз қалып қалсаң» жағдаяттарды модельдеу. Сейсенбі – жолдағы қауіпсіздік. «Жас жаяу жүргінші» ойыны, автоқалашықтағы практикум, жол белгілерін қайталау, «Жаяу жүргінші өтпешолы» эстафетасы. Сәрсенбі – денсаулық және гигиена. «Таза алақандар» ойыны, «Қолды не үшін жуамыз?» тәжірибесі, «Біз денсаулықты таңдаймыз» сергіту сәті, пайдалы әдеттер туралы әңгімелесу. Бейсенбі – Табиғаттағы қауіпсіздік. «Ормандағы және су жағасындағы жүріс-тұрыс ережелері» әңгімесі, «Рұқсат - болмайды» ойыны, «Табиғатты сақта»	Топ тәрбиешілері	2-апта

		экологиялық квест, бейтаныс жануарлармен кездестірген кездегі әрекеттерді талқылау. Жұма – Қарым-қатынас қауіпсіздігі. «Бейтаныс адам» әңгімесі, «Жақсы құпия – жаман құпия» ойыны, «Жоқ» деп айта аламын» тренингі, оқу мультфильмін көру және талқылау.		
Аптаның дәйексөзі: «Өзі адал, әділ болған адам — ел ішіндегі тәртіп пен бейбіт өмірдің негізі.» Ыбырай Алтынсарин				
	«Қауіпсіз бағдар» акциясы. Мақсаты: балалар мен ата-аналардың жазғы кезеңде көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру, жол қозғалысы ережелерін бекіту және байқампаздықты дамыту.	Қауіпсіз бағдардың жеке сызбасын жобалау. «Жазда үй – балабақша» отбасылық бағдары. «Объективтегі қауіпсіз жаз» фоточелленджі. Отбасылар жолда суретке түседі: - қауіпсіз орындар (жаяу жүргіншілер өткелі, бағдаршам, тротуар); -қауіпті болуы ықтимал учаскелер (көліктің шығуы, тротуардың болмауы, тұрақта тұрған автомобильдердің көріністі жабуы). Акция кезінде балалар тәрбиешімен бірге фотосуреттерді талқылайды және әр	Тәрбиешілер, ата-аналар	3-апта

		жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін анықтайды. «Баланың көзімен аудан картасы» шығармашылық жобасы. Балалар ата-аналарымен бірге өз шағын ауданының картасын жасайды. «Біздің қауіпсіз ауданымыз» ұжымдық картасы. «Жазғы қауіпсіздік бағдары» отбасылық серуені. Педагогтер балабақшаға іргелес аумақта балалар және ата-аналармен танымдық серуен ұйымдастырады.		
	«Жақсы ережелер қаласы» сюжетті-рөлдік ойыны.	Балалар өмірлік жағдайларды ойнайтын («Балабақша», «Дүкен», «Емхана», «Көше»), тәртіпті, мінез-құлық ережелерін, сыпайы қарым-қатынас нормаларын, жол қозғалысы ережелерін және қауіпсіз жүріс-тұрысты сақтауды үйренетін ойын алаңы ұйымдастырылады. Ойыннан кейін кейіпкерлердің іс-әрекеттері талқыланып, дұрыс		

		шешімдер ізделеді.		
Аптаның дәйексөзі: «Әр істің тәртібі мен жүйесін сақтау — бостандықтың негізі. Парасатты заңға бағына білмейтін адам ешқашан шын мәнінде азат бола алмайды.» Бауыржан Момышұлы				
	Эко-жоба: су кереметі	Ойын-сауық: - «<i>Түрлі түсті тамшылар</i>» (суды гуашьпен бояу және саусақпен сурет салу тәжірибесі); - «<i>Қызықты шашыратқыштар</i>»: балаларға шашыратқыштарды таратыңыз және ыстық күнде бір бірінің үстіне су шашуға рұқсат етіңіз; - «<i>Су пистолеттері</i>»: су пистолеттерін пайдаланып су шайқастарын ұйымдастырыңыз. Бұл салқындау және уақытты көңілді өткізу үшін тамаша тәсілі; - «<i>Су жарыстары</i>»: балалар белгілі бір қашықтық арасына суды бір контейнерден екіншісіне шыныаяқтар немесе құмыраларды пайдаланып тасымалдайтын жарыстар ұйымдастырыңыз; - «<i>Су бояулары</i>»: балаларға суға езілген	Топ тәрбиешілер і	4-апта

		бояуларды көлемі үлкен қағаз парақтарына шашырату арқылы суреттер жасауға мүмкіндік беріңіз. Бұл балаларға судан ләззат алуға мүмкіндік беретін көркем ойын; - «<i>Сулы ұсақ- түйектер</i>»: балаларға суға малынған қарындаштармен асфальт бетіне сурет салуға рұқсат етіңіз. Бұл көңілді ғана емес, сонымен қатар балаларға өздерін шығармашылық жағынан танытуға мүмкіндік береді; - «<i>Қазына іздеу</i>»: шағын бассейннің немесе контейнердің түбіне тиындарды немесе ұсақ заттарды жасырыңыз және балаларға оларды іздеуге мүмкіндік беріңіз; - «<i>Су шарларын домалату</i>»: шарларға су толтырыңыз және сәл көлбеу немесе өрлеу жерден домалату жарысын ұйымдастырыңыз; - «<i>Бассейнде суды шалпылдату</i>»: жазда бассейнде немесе шағын үрлемелі бассейнде суды емін-		
--	--	---	--	--

		<i>еркін шалтылдатып ойнау уақытын ұйымдастыру.</i>		
--	--	---	--	--

Тәрбиеленушілердің денсаулықтарын нығайту және саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жоспары
Мақсаты: денсаулықты нығайтуға, сауықтыру-профилактикалық жұмыс құралдарымен сырқаттанушылықты және қауіп факторларын азайтуға бағытталған тиімді сауықтыру-профилактикалық іс-шаралар арқылы созылмалы және жүре пайда болған аурулары бар балалардың ағзасының бейімделу мүмкіндіктерін арттыру, сауықтырудың тиімді әдістері мен құралдарын пайдалану.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын бақылау және бағалау		
	Денсаулық көрсеткіштері:		
	- жалпы сырқаттанушылық	ай сайын	мейірбике
	-күніне 1 балаға шаққанда балалардың аурушандығы	ай сайын	мейірбике
	- жиі ауыратын балалардың саны, %	жылына 2 рет	мейірбике
	- созылмалы аурулары бар балалардың саны	жылына 2 рет	мейірбике
	- дәрігерлердің балаларды диспансерлік тексеру нәтижелері	жылына 1 рет	мейірбике
	- сауықтыру іс-шараларына мұқтаж балалар саны	жылына 1 рет	емхана мамандары
	- денсаулық индексі	жылына 1 рет	мейірбике

	Дене дамуының көрсеткіштері:		
	-физикалық даму деңгейі (антропометриялық мәліметтер)	жылына 2 рет	мейірбике
	- дене шынықтыру деңгейі	жылына 2 рет	тәрбиешілер
2	Профилактика және балаларды сауықтыру		
	- жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балаға оңтайлы жүктемені анықтау	жылына 1 рет	мейірбике
	- фитонцидотерапия (пияз, сарымсақ)	күз, қыс	мейірбике, тәрбиешілер
	- инфекцияның, тұмаудың және ЖРВИ алдын алу, ақпараттық және консультациялық материалды өзектендіру	тұрақты	мейірбике
	- профилактикалық егулер	кесте бойынша	дәрігер-педиатр. мейірбике
	- ауаны кварцтау құралдары	күнделікті	тәрбиешілер, мейірбике
3	Тамақтануды ұйымдастыру		
	- рационның үйлесімділігі және әртүрлілігі	күнделікті	мейірбике, аспаз
	-азық-түлікті аспаздық өңдеу және тағамдарды пісіру кезінде технологияны сақтау	тұрақты	аспаз
	- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	тұрақты	аспаз

	- азық-түлік және пісірілген тағамдардың сапасы	тұрақты	шар.меңгер, мейірбике, аспаз
	- тез бұзылғыш азық-түлікті тарату мерзімдерін сақтау	тұрақты	шар,меңгер, мейірбике, аспаз
	- 3-ші тағамды дәрумендендіру, тәулік бойы жұмыс істейтін балабақшалар үшін (аскорбин қышқылы)	тұрақты	мейірбике
	-су ішу режимін ұйымдастыру	тұрақты	мейірбике, тәрбиешінің көмекшілері
4	Шынықтыру процедураларын жүргізу		
	Баланың жеке мүмкіндітерін ескере отырып шынықтыру: - таңертең таза ауада қабылдау	күнделікті (оңтайлы температура жағдайында)	тәрбиешілер
	- күндізгі ұйқыдан кейін төсектерінде гимнастика жасау		
	- «Денсаулық» жолымен жалаңаяқ жүру (музыкалық сүйемелднумен)		
	- тыныс алу және түзету гимнастикасы		
	- құлаштап жуыну, ауызды қайнаған сумен шаю, мұрынды тазарту		
	- күн ванналары		
	- жеңіл киім		
	- үй-жайды кеңінен аэрациялау, таза ауа жақсы кіретін жердегі		

	ұйқы + 19°C		
	- балалардың таза ауада максималды жүруі		
5	Гигиеналық режимді ұйымдастыру		
	- бөлмені желдету режимі	тұрақты	тәрбиешінің көмекшілері
	- кварцтау режимі	тұрақты	тәрбиешінің көмекшілері
	- температуралық режимді және ауаның тазалығын қамтамасыз ету	тұрақты	тәрбиешінің көмекшілері
	- орта тазалығын қамтамасыз ету	кесте бойынша	тәрбиешінің көмекшілері
	- төсек жабдықтарын ауыстыру және таңбалау	кесте бойынша	тәрбиешінің көмекшілері
	- эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізу	күнделікті	тәрбиешінің көмекшілері
	- ойыншықтарға қойылатын гигиеналық талаптар	тұрақты	тәрбиешінің көмекшілері
6	Денсаулық сақтау ортасын ұйымдастыру		
	-таңғы қабылдаудың сапасы	күнделікті	тәрбиеші, мейірбике
	- науқас баланы уақтылы оқшаулау	тұрақты	тәрбиешілер
	- күн режимін оңтайландыру	тұрақты	әдіскер

	-тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар	күнделікті	әдіскер, тәрбиешілер
	-серуенді ұйымдастыру және өткізу	күнделікті	тәрбиешілер
	-бейімделу кезеңінде балалардың өмірін ұйымдастыру, қолайлы режим құру	бейімделу кезеңі	тәрбиешілер
	- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды орындау	тұрақты	МДҰ қызметкерлері
	- өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау	тұрақты	МДҰ қызметкерлері
	- антропометриялық деректерді ескере отырып, жиһазды таңдау	күнделікті	тәрбиешінің көмекшілері
	- дұрыс және қауіпсіз серуендеу үшін учаскені дайындау	күнделікті	тәрбиешілер, тәрбиешінің көмекшілері
	- алғашқы медициналық көмек көрсету	қажеттілігіне қарай	мейірбике
	- алғашқы медициналық көмек қобдишаларының болуы және оларды уақтылы толықтыру	тұрақты	мейірбике, тәрбиешілер
	Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі Мақсаты: балалардың жас және функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін және олардың денсаулығын нығайтуға бағытталған ұтымды мөлшерленген дене белсенділігімен оңтайлы қозғалыс режимін ұйымдастыру.		
7	Балалардың физикалық дамуы		
	- балалардың физикалық дамуы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	МДҰ кестесіне сәйкес	тәрбиешілер

	- спорттық ойындар және таза ауадағы жаттығулар	МДҰ кестесіне, жас тобының күн тәртібіне сәйкес	тәрбиешілер
8	Қозғалыс белсенділігін дамыту		
	-таңғы гимнастика	күнделікті	тәрбиешілер
	-сергіту сәті	күнделікті	тәрбиешілер
	-қимылдап бой қыздыру	күнделікті	тәрбиешілер
	- қозғалмалы ойындар және серуендегі дене жаттығулары	күнделікті	тәрбиешілер
	- топтық үй-жайдағы қозғалмалы ойындар	күнделікті	тәрбиешілер
	-сауықтырушы жүгіріс	күнделікті	Тәрбиешілер
	- қозғалыстарды дамыту бойынша жеке жұмыс	күнделікті	Тәрбиешілер
9	Дене шынықтыру мерекелері және ойын-сауық		
	-Денсаулық күндері	тоқсанына 1 рет	Тәрбиешілер
	- таза ауадағы дене шынықтыру және спорттық мерекелер	жылына 2-3 рет	Тәрбиешілер, музыкалық жетекші
	-музыка залындағы спорттық ойындар мен жарыстар	жылына 1-2 рет	Тәрбиешілер, музыкалық жетекші
	- МДҰ-дан тыс спартакиадалар	жылына 1 рет	Тәрбиешілер, музыкалық жетекші

10	Профилактикалық іс-шаралар		
	- тыныс алу және түзетушілік гимнастика	күнделікті	Тәрбиешілер
	- қолбасын, құлақ қалқанын уқалау, өзін-өзі сылау	күнделікті	Тәрбиешілер
	- майтабанның алдын алу және дұрыс дене мүсінін қалыптастыру	күнделікті	Тәрбиешілер
	- көзге арналған гимнастика	күнделікті	Тәрбиешілер
	- саусақ гимнастикасы	күнделікті	Тәрбиешілер
	- артикуляциялық гимнастика	күнделікті	Тәрбиешілер
11	Тәрбиеленушінің әлеуметтік-психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету		
	-балалардың бейімделу кезеңіндегі өмірін ұйымдастыру, қолайлы режим құру	күнделікті	Тәрбиешілер
	- релаксация әдістерін қолдану: тыныштық минуттары, музыкалық үзілістер	күнделікті	Тәрбиешілер
	- таңертеңгі уақытта балалармен жұмысты ұйымдастыру	күнделікті	Тәрбиешілер
	- зейінді, есте сақтауды, ойлауды дамытуға арналған жаттығулар	күні бойы	Тәрбиешілер
	- музыкалық терапия әдістерін қолданылатын іс-әрекеттер	музыкалық жетекшінің жоспары бойынша	Тәрбиешілер, музыкалық жетекші

	-музыкалық ертеңгіліктер және ойын-сауықтар	жоспар бойынша	Тәрбиешілер, музыкалық жетекші
12	Денсаулық сақтау іс-шаралары		
	- балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын тәрбиелеу	тұрақты	Тәрбиешілер
	- балалардың саламатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру	жоспар бойынша	Тәрбиешілер
13	Қызметкерлермен жұмыс		
	Қызметкерлерді оқыту: - қызметкерлерге еңбекті қорғау, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқама беру; - қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқау беру; - қызметкерлермен санитарлық-ағарту жұмыстарын өткізу; - жұмыс орнында оқыту.	өндірістік бақылау жоспары бойынша	Мейірбике, шар.меңг.
14	Бақылауды ұйымдастыру		
	-тәрбиелеу-білім беру процесі мен күн режимін ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау	жедел, тақырыптық және фронтальді бақылау жоспары бойынша	Әдіскер, тәрбиешілер, мейірбике, шар.меңгер.
	- үй-жайлар мен учаскелерді жарақтандыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау		

	- сауықтыру рәсімдерін жүргізу		
	- эпидемияға қарсы режимді сақтау		
	- топтар мен ас блогында режимді сақтау		
	- үй-жайларды күрделі жинау кестесін сақтау		
	- МДҰ-да ауа және тамақтану режимін сақтау		
	- топта балаларды қабылдау журналын жүргізу		
	-балалардың дене белсенділігі		
	-төсек-орындарды таңбалау		
	- ас блогы қызметкерлерінің денсаулық жағдайы		
	-тоңазытқыштың температуралық режимі		
	- тез бұзылғыш өнімдерді тарату мерзімі		
	- дайын өнімнің сапасы, бракераж журналында бақылау жазбасы бар тәуліктік сынаманы алу және сақтау		
	- ас блогындағы азық-түліктің таарлық көршілестігі		
	- қызметкерлердің профилактикалық тексеруден өтуі		

15	Отбасымен өзара әрекеттесу		
	- ата-аналардың дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларына қатысуы	жоспар бойынша	Тәрбиешілер
	- ата-аналарды диагностикалық тексерулердің нәтижелерімен таныстыру	тексерілу кезінде	Әдіскер, мейірбике
	- ақпараттық стендтерді, көрмелерді ресімдеу	тұрақты	Тәрбиешілер
	- ата-аналарға жеке консультация беру	қажеттілігіне қарай	Әдіскер, тәрбиешілер, мейірбике
	- ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыру және өткізу	жоспар бойынша	Тәрбиешілер, мейірбике
	- ата-аналардан «Отбасында саламатты әдеттерді қалыптастыру» сауалнамасын алу	жоспар бойынша	Тәрбиешілер, мейірбике
Педагогтермен жұмыс			
Кәсіби шеберлікті арттыру және қызметті бағалау			
1	Педагогтердің біліктілігін арттырудың 2026 – 2027 оқу жылына арналған перспективалық жоспарын және педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бойынша өтінімдерді құру.	1 маусымға дейін	Меңгеруші, әдіскер
2	Тәрбиешілерге балалардың дамуына мониторинг жүргізу және дайындау үшін әдістемелік көмек көрсету.	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Әдіскер

3	Педагогтердің әртүрлі деңгейдегі семинарлар, вебинарлар, конференциялар, конкурстарға қатысуы (ББ, ҚР ОАМ тізбесіне сәйкес).	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
4	Заттық-кеңістіктік ортаны дамыту үшін педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
5	Құжаттаманы жүргізуге әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
6	Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс жоспары бойынша әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік және практикалық көмек.	Жыл бойы	Әдіскер
7	Педагог қызметкерлердің әріптестерінің ҰІӨ-не, іс-шараларына баруын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Әдіскер
8	Педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру бағыттарын анықтау, өздігінен білім алудың жеке жоспарларын құру.	Жыл бойы	Әдіскер
Педагогикалық кадрларды аттестаттау			
1	Педагогтерді атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттау үшін аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.	2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін	Меңгеруші
	Ағымдағы оқу жылында атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттауға жататын педагог қызметкерлердің тізімін қалыптастыру және бекіту.		

2	Аттестатталушыларға атқаратын лауазымына сәйкестігі бойынша жеке консультациялар өткізу, тестілеуге дайындық.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
3	Аттестаттау мәселелері бойынша педагогтерге арналған жеке консультациялар.	Жыл бойы	Әдіскер
3	Педагогтердің портфолиосымен жұмыс.	Тұрақты	Әдіскер
4	Аттестатталатын педагогтердің әдістемелік және тәрбиелеу-білім беру қызметінің нәтижелерін талдау және МДҰ-ға бару.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, комиссия мүшелері
5	Жаңа әдістемелік нұсқауларды зерделеу бойынша оқыту семинарын өткізу, педагогтерді пилоттық жобада аттестаттаудан өткізу.	Тамыз-қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
6	Аттестаттаудан өтуге тіркелу үшін педагогтердің өтініштерін беруін ұйымдастыру және дайындау: - «Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» цифрлық нысаны арқылы (бұдан әрі – Платформа).	2027 жылдың 1 қыркүйегінен 15 желтоқсанына дейін	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
7	ПББ өтуі	ҰТО кестесіне сәйкес	Педагогтер
8	Педагогтерге ПББ өткен педагогикалық қызметтің нәтижелерін растайтын материалдарды ресімдеуге көмектесу.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
9	Аттестаттау комиссияларының	2026 жылдың 1 қыркүйектен 15	Комиссия

	жұмысы. Хаттаманы қалыптастыру.	желтоқсанға дейін	
Жас және жаңадан келген мамандармен жұмысты ұйымдастыру			
1	Жаңа оқу жылына жас және жаңадан келген мамандармен жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту.	Қыркүйек	Әдіскер
2	Жас мамандарды педагог-тәлімгерлерге бекіту. Тәлімгерлерге арналған «Тәлімгерлікті ұйымдастыру» семинарын ұйымдастыру .	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
3	Құжаттаманы жасау бойынша консультациялар өткізу: - перспективалық жоспарлау; - циклограмма; - баланың даму карталары.	Қыркүйек – қазан	Әдіскер
4	Практикалық сабақ. Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін жоспарлау және ұйымдастыру» - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС талаптарын зерделеу; –мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен танысу; - перспективалық жоспарлау мен циклограмманы зерттеу; -оқу-әдістемелік кешендермен (ОӘК), әдістемелік ұсынымдар және цифрлық білім беру ресурстарымен танысу.	Қыркүйек	Әдіскер
5	Ұйымдастырылған іс-әрекетке өзара қатысу Балалармен жұмыс істеудің заманауи әдістері мен	Жыл бойы	Әдіскер, жас педагог, тәлімгер

	тәсілдерін зерттеу мақсатында жас педагогтің өз тәлімгерінің ұйымдастырылған іс-әрекетіне барып қатысуы. Тәлімгердің жүргізген іс-әрекетін талқылау және өзталданым жүргізуі.		
6	Жас педагогті әдістемелік сүйемелдеу Тәлімгердің білім беру процесін ұйымдастыруды талдау, кәсіби қиындықтарды анықтау, консультативтік және әдістемелік көмек көрсету мақсатында жас педагогтің ұйымдастырылған іс-әрекетіне барып қатысуы.	Жыл бойы	Әдіскер, тәлімгер
4	«Кіре берісте» жас мамандардан сауалнама алу.	Қыркүйек	Психолог
5	Әдістемелік іс-шараға дайындық Тақырыбы: «Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті әзірлеу және жүргізу» - үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мақсаттар мен міндеттерді анықтау; - циклограмманы әзірлеу; - заманауи педагогикалық технологияларды, ойын әдістері мен тәсілдерін таңдау; - дидактикалық материалдарды және дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны дайындау; - ҰІӨ-ке өзталданым жүргізу және тәлімгермен нәтижелерді талқылау.	Наурыз	Әдіскер
6	«Тәрбиелеу-білім беру іс-әрекетін ұйымдастырудағы жеке тәсіл» дөңгелек үстелі.	Желтоқсан	Әдіскер

7	Кәсіби қызметтегі қиындықтарды анықтау мақсатында сауалнама жүргізу.	тоқсанына 1 рет	Психолог
8	Бір жылдағы жұмыстың қорытындысын шығару: - жас маманның өз қызметінің рефлексивті есебін құруы; - тәлімгердің атқарылған жұмысы туралы есебі, жас маманның жұмысын талдау.	Мамыр	Әдіскер

МДҰ педагогикалық кеңесі		
Тақырыбы, міндеттер, мазмұны	Мерзімі	Жауапты
№1-педагогикалық кеңес Орнықтырушы педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Педагогикалық старт: МДҰ 2026– 2027 оқу жылындағы даму перспективалары». Мақсаты: педагогтерді МДҰ қызметінің жазғы кезеңдегі қорытындыларымен таныстыру, МДҰ-ның жаңа оқу жылына арналған қызметінің жоспарын қабылдау және бекіту, МДҰ ұжымының тәрбиелеу-білім беру процесінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үшін күш-жігерін біріктіру.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1.МДҰ жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысын талдау. 2. Тексеру қорытындысы бойынша МДҰ оқу жылына дайындығын талдау. 3. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту: -МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау; - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру; - пилоттық жоба шеңберінде педагог қызметкерлерді аттестаттау. - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарау және қабылдау; - 2026-2027 оқу жылына педагог	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, мейірбике, педагогтер

қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары; - жұмыс циклограммалары; - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау; - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау; - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту. 5. МДҰ лицензиялауға дайындық. 6. Педагогтерді жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша жұмыс жоспарымен таныстыру. 7. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.		
№1-педагогикалық кеңеске дайындық		
1. Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйым жұмысының нәтижелері туралы талдамалық есеп жасау. 2. Жаңа оқу жылына қажетті әдістемелік әдебиеттерді іріктеу. 3. Топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жанарту. 4. Оқу жылына ата-аналар бұрыштарын безендіру. Ата-аналармен жұмыс жоспарын әзірлеу. 5. Біліктілікті арттыру және аттестаттау кестесін дайындау.	Тамыз Мамыр-тамыз 20 тамызға дейін	МДҰ педагогтері
№2-педагогикалық кеңес		
Тақырыбы: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану» Мақсаты: қазіргі педагогтің кәсіби дайындық жүйесіндегі тәрбиешінің рөлін ашу; педагогикалық білім жүйесіне тәрбиешінің рөлін енгізу, оның білім беру процесін құрудағы маңыздылығын көрсету.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Педагогтің өз білімін жетілдіруі және	Желтоқсан	Меңгеруші, әдіскер, психолог,

өзін-өзі дамытуы – білім беру процесінің серпінділігінің кепілі» тақырыптық тексерудің қорытындылары. 3.«МДҰ-да тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша сөз сөйлеу (ашық іс-шараларды талқылау: тәлімгер – жас маман). 4.Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.		педагогтер
№2-педагогикалық кеңеске дайындық		
1.Консультация: «Қазіргі білім берудегі тәлімгерліктің рөлі». 2.Семинар практикум: «Тәлімгерлік, МДҰ-да жаңа педагогтердің кәсіби қызметінің қалыптасу факторы ретінде». 3.«Озық тәжірибе эстафетасы» практикумы.	Қазан-қараша	МДҰ педагогтері
№3-педагогикалық кеңес Тақырыбы: «МДҰ жағдайында мектепке дейінгі жастағы балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру». Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу саласындағы педагогтердің жұмыс сапасын арттыру, осы бағыттағы жұмыстың мазмұны мен нысандарын жаңарту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2.Сөз сөйлеу– презентация: «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музей педагогикасы». 3.«Мектеп жасына дейінгі балаларды музыка құралдары арқылы адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу» тақырыбына сөз сөйлеу. 4. Тақырыптық тексеру нәтижелері. 5. Іскерлік ойын (викторина) 6.Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Наурыз	Менгеруші, әдіскер, педагогтер

№3-педагогикалық кеңеске дайындық

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбиенің ерекшеліктері» оқыту семинары.	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Патриоттық сезімдер, адамгершілік тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде» тақырыбына консультация.	Ақпан	Меңгеруші, тәрбиешілер
Осы тақырыптағы білім беру қызметін ашық қарау бойынша тақырыптық бақылауды талдау.	Қаңтар-ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу жұмысында интербелсенді әдістерді қолдану» шеберлік сағаты.	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогтердің бұл мәселені әртүрлі сайттар арқылы өз бетінше зерттеуі. Өз білімін жетілдіру арқылы құзыреттілікті арттыру резервтерін іздеу.	Қаңтар-ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер

№4-педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді әдістерін іздеу».

Мақсаты: МДҰ-да мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1.Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау. 2.Педагогикалық шеберхана (тақырыптық бақылау нәтижелері). 3.«МДҰ-да экологиялық-дамытушы ортаны құру» жұмыс тәжірибесі» тақырыбында сөз сөйлеу. 4.Терезе ернек тақтайындағы бақшалар байқауы. 5.«Экологиялық сауаттылық» іскерлік ойыны.	Сәуір	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
---	-------	--------------------------------

6.Қорытындылау. Педагогикалық кеңестің шешімі.		
№4-педагогикалық кеңеске дайындық		
Консультациялар: «МДҰ экологиялық соқпақ жол, балаларды қоршаған табиғат әлемімен таныстыру құралы ретінде».	Наурыз	Әдіскер, педагогтер
Шеберлік сағаты: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың адамгершілігін, руханияты мен интеллектісін тәрбиелеу мен дамытудың бір түрі ретіндегі МДҰ экологиялық соқпақ жол».	Сәуір	Әдіскер, педагогтер
№5-педагогикалық кеңес Тақырыбы:«2026– 2027 оқу жылының қорытындысын шығару: талдау, қорытындылар, перспективалар. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту». Мақсаты: оқу жылын талдау және қорытындылау. Келесі жылға міндеттер мен басым бағыттарды анықтап қою. - келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу; - жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №4-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. 2025– 2025h6оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2026– 2027оқу жылындағы жұмысты талдау. 3. Балалардың даму мониторингін талдау. 4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есебі. 5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2025/2026 оқу жылындағы қызметінің есептері. 6. 2026– 2027оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын анықтау. 7. 2026– 2027оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. 9. Педагогикалық кеңестің шешімі.		
№5-педагогикалық кеңеске дайындық		
Тәрбиеленушілердің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу.	Мамыр	Әдіскер, мамандар, тәрбиешілер, мейірбике
Ата-аналардан сауалнама алу: «Педагогикалық ұжымның жұмысын бағалау».	Мамыр	Әдіскер
Дене дамуын және дене дайындығын бақылау.	Мамыр	Әдіскер
Тәрбиешілер мен мамандардың шығармашылық есептері.	Сәуір-мамыр	Әдіскер, мамандар, тәрбиешілер, мейірбике
Тәрбиелеу-білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу		
Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
Аналитикалық және басқарушылық жұмыс		
1.Әдістемелік жұмыстың нәтижелілігіне талдау жүргізу және оны жетілдіру перспективаларын анықтау.	Қаңтар, маусым	Меңгеруші, әдіскер
2.МДҰ әдістемелік кеңесінің отырыстарын өткізілуін қамтамасыз ету.	Ай сайын	Әдіскер
3.Топ тәрбиешілерінің құжаттамасын жүргізу мен мазмұнына талдау жүргізу.	Жыл бойы	Әдіскер
4.Тәрбиешілердің тәжірибесіне тәрбиеленушілердің қызығушылығын дамытуға және танымдық белсенділігін	Қыркүйек	Әдіскер

қалыптастыруға бағытталған заманауи әдістерді енгізу.		
5.Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, балалармен тәрбиелеу-білім беру қызметін ұйымдастыру үшін заманауи цифрлық материалдарды әзірлеу.	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
6.Мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім берудің сабақтастық жоспарын құру (мектепалды топ үшін).	Мамыр	Әдіскер, мектепалды топтың тәрбиешілері
7.Бай және дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құру мақсатында топтар мен кабинеттердегі дидактикалық және көрнекі материалдарды жаңарту.	Жыл бойы	Әдіскер
8.Балаларда ақпараттық қауіпсіздік және цифрлық сауаттылық дағдыларын қалыптастырудың заманауи әдістерін ересек және мектепалды топ тәрбиешілерінің тәжірибесіне енгізу.	Қыркүйек	Әдіскер
9.Ата-аналар мен педагогикалық қоғамдастыққа арналған мәліметтерді мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде жариялау.	Жыл бойы	Әдіскер
Ақпараттық-әдістемелік қызмет		
1.Топтардың күн режимін жаңарту.	Мамыр, тамыз	Әдіскер
2.Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жас топтарында ҰІӨ торын жасау.	Мамыр, тамыз	Әдіскер
3.Кабинеттерді әдістемелік және практикалық материалдармен толықтыру.	Жыл бойы	Әдіскер

4.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу міндеттерін іске асыру бойынша педагогтерді әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру».	Жыл бойы	Әдіскер
5.«МЖМБС, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мен Моделінің талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жобалау, жаңарту және тиімді пайдалану бойынша педагогтерді әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру».	Жыл бойы	Әдіскер
6.«Тәрбиеленушілердің топтық үй-жайларда жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру бойынша ақпараттық-дидактикалық материалдарды жаңарту және жүйелі түрде толықтыру».	Жыл бойы	Әдіскер
7.«Білім беру қызметінің өзекті бағыттары және өткізілетін іс-шаралар жоспары бойынша әдістемелік кабинетте тақырыптық көрмелерді ұйымдастыру және жүйелі түрде жаңарту».	Жыл бойы	Әдіскер
8.«Әдістемелік жұмыс» ақпараттық стендін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша жаңа нормативтік құжаттардың, заманауи жарияланымдар мен әдістемелік материалдардан шолулармен жүйелі түрде жаңарту».	Жыл бойы	Әдіскер
Кәсіби құзыреттілікке диагностика		
1.«Педагогтердің инновациялық білім беру технологияларын меңгеру мен енгізудегі кәсіби қиындықтарына диагностика жүргізу, кейінгі әдістемелік	Қыркүйек	Әдіскер, психолог

сүйемелдеу бағыттарын анықтау».		
2.«Педагогтердің инновациялық білім беру технологияларын игеруге және енгізуге мотивациялық дайындығына диагностика жүргізу, кейінгі әдістемелік сүйемелдеу және кәсіби даму бағыттарын айқындау».	Қаңтар	Әдіскер, психолог
3.«Педагогтердің кәсіби күйзелісі және эмоционалды қажуының қауіп факторларының деңгейіне диагностика жүргізіп, кейінгі психологиялық және әдістемелік қолдау шараларын айқындау».	Наурыз	Әдіскер, психолог
Кәсіби шеберлікті арттыру және қызметті бағалау		
1.Педагог қызметкерлердің өз әріптестерінің ҰІӨ барып қатысуын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Әдіскер
2.Педагогтердің өз білімін жетілдіру қызметінің басым бағыттарын қалыптастыру және кәсіби дамудың жеке жоспарларын әзірлеу.	Жыл бойы	Әдіскер
3.Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне педагогикалық қызметтің үздік тәжірибелерін енгізу және бейімдеу.	Жыл бойы	Әдіскер
4.Педагог қызметкерлердің қалалық, аудандық және облыстық әдістемелік іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Әдіскер
МДҰ әдістемелік кеңесі отырысының жоспары		

№1-отырыс. Тақырыбы: Әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру. Мақсаты: 2026– 2027оқу жылына арналған әдістемелік қызмет шеңберінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қызметін ұйымдастыру. Күн тәртібі: 1.МДҰ педагогтерінің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу, жалпылау жоспарын қарау және бекіту: - педагогтердің жетістіктерін мониторингтеу нысандары мен әдістерін талқылау; - жауапты тұлғаларды анықтау; - материалдарды ұсыну мерзімдері мен нысандарын бекіту. 2.Жаңадан келген педагогтермен жұмысты жоспарлау. Тәлімгерлік: - жас мамандарды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсыну және бекіту; - тәлімгерлік сызбасын талқылау және бекіту; - тәлімгерлерді тағайындау. 3.МДҰ базасында өткізілетін конкурстардың ережелерін қарау: - кәсіби және балалар конкурстарының жоспарланған тізімімен танысу; - қатысу шарттарын, бағалау критерийлерін және өткізу мерзімдерін талқылау; - ұсыныстар енгізу, ережелерді бекіту.	Қыркүйек	Әдіскер
--	-----------------	----------------

№2-отырыс. Тақырыбы: МДҰ-ның Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыру. Мақсаты: бірінші жартыжылдықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі ұйымның қызметін талдау. Күн тәртібі: 1.Балалардың Үлгілік бағдарламаны меңгерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуінің бастапқы мониторингін талдау: - бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша жиынтық деректерді ұсыну; - проблемалық аймақтарды талдау және түзету жолдарын анықтау; - білім беру үдерісіндегі сараланған тәсілдерді талқылау. 2.Әдістемелік бірлестіктер (ӘБ) басшыларының жартыжылдық есебі: - ӘБ қызметінің бағыттары бойынша есептерді ұсыну; - орындалған міндеттерді, табысты тәжірибелерді және анықталған қиындықтарды талдау; - әдістемелік жұмыстың әрі қарайғы векторларын анықтау. 3.Шығармашылық топ басшыларының жартыжылдық есебі: - шығармашылық топтар жүзеге асырған жобалар, іс-шаралар, инновациялық тәсілдер туралы ақпарат; - енгізілген идеялардың тиімділігін бағалау; - екінші жартыжылдыққа арналған жоспарларды талқылау. 4.Тәлімгерлердің жартыжылдық жұмысы туралы есебі: - жас педагогтерді сүйемелдеуді талдау;	Желтоқсан	Әдіскер
--	-----------	---------

- жаңадан бастаған мамандардың кәсіби өсуіне диагностика нәтижелері; - қажет болған жағдайда тәлімгерлік жоспарын түзету.		
---	--	--

№3-отырыс. Тақырыбы: «Педагогтердің өздігінен білім алуы тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру факторы ретінде» Мақсаты: Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру контекстінде МДҰ педагогтерінің өз бетінше білім алу қызметін талдау. Күн тәртібі: 1. Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шеңберінде МДҰ педагогтерінің өз бетінше білім алу жұмысын ұйымдастыру: - педагогтердің өздігінен білім алуының жеке бағыттарының тақырыбына шолу жасау; - педагогтерді өздігінен білім алу процесінде қолдау және сүйемелдеу нысандары; - МДҰ жұмыс тәжірибесіне өздігінен білім алу нәтижелерін енгізу. 2. Тәрбиешілердің өздігінен білім алу тиімділігін зерделеу нәтижелері: - сауалнама, әңгімелесу, құжаттаманы талдау қорытындыларын ұсыну; - педагогтердің табысты тәжірибелерінің үлгілері; - белсенді түрде өздігінен білім алу жұмысының қорытындылар және ұсынымдар. 3. Педагогтердің әртүрлі деңгейдегі кәсіби конкурстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуын алдын ала талдау: - қатысу және нәтижелер туралы мәліметтерді жинақтау; - құзыреттілікті арттыру үшін кәсіби оқиғалардың маңыздылығын талқылау; - одан әрі қатысу бойынша ұсынымдар әзірлеу. 4.Балалардың Үлгілік оқу	Ақпан	Әдіскер
---	--------------	----------------

бағдарламасын меңгеруінің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуінің аралық мониторингінің қорытындылары: - топтар бойынша талдамалық деректерді ұсыну; - бастапқы мониторинг нәтижелерімен салыстыру; - түзету жұмыстарының динамикасын анықтау және жоспарлау.		
№4-отырыс. Тақырыбы: 2026– 2027 оқу жылындағы әдістемелік кеңес жұмысының нәтижелілігін талдау Мақсаты: МДҰ әдістемелік кеңесінің 2025-2026 оқу жылындағы қызметіне талдау жүргізу және жаңа кезеңге перспективалық бағыттарды айқындау. Күн тәртібі: 1.Әдістемелік кеңестің 2026– 2027 оқу жылындағы жұмысын талдау: - әдістемелік жұмыстың қорытындысын шығару; - жоспарланған іс-шараларды іске асырудың тиімділігін бағалау; - табысты тәжірибелер мен шешілмеген мәселелерді анықтау. 2.Әдістемелік қызметтің келешектегі жұмыс жоспарын құру: - әдістемелік қызмет мүшелерінің, ӘБ басшыларының және педагогтердің ұсыныстарын талқылау; - қызметтің басым бағыттарын айқындау; - келесі оқу жылына арналған жоспардың жобалық нұсқасын қалыптастыру. 3.Әдістемелік бірлестіктер басшыларының әдістемелік өнімдерінің көрмесі: - дидактикалық материалдар, авторлық	Мамыр	Әдіскер

әзірлемелер және әдістемелік ұсынымдардың тұсаукесері; - педагогтер арасында тәжірибе алмасу; - ӘБ әдістемелік белсенділік деңгейін бағалау. 4.Балалардың Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуінің қорытынды мониторингі: - бастапқы және аралық мониторинг деректерімен салыстырмалы талдау; - балалардың даму динамикасы және БДК жасау туралы тұжырымдар. - тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар.		
Педагог қызметкерлерге арналған консультациялар		
1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы жаңа нормативтік құжаттардың, жарияланымдар мен әдістемелік басылымдардың мониторингі.	Ай сайын	Әдіскер
2.Мектеп жасына дейінгі балалардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауын қалыптастыру бойынша әдістемелік материалдарды жүйелеу және толықтыру.	Жыл бойы	Әдіскер
3.МЖМБС, Үлгілік оқу бағдарламасы мен Санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру.	Қыркүйек	Әдіскер
